



Нұрмағамбетова Қымбат Жамбырбайқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «БЭСТ»
гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Сабақтың тақырыбы: Жануарлар. Көптік жалғау

Сілтемелер Қазақтылі: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық.

Жалпы мақсаты:

1. Оқушыларға жануарлар туралы түсінік беру.
2. Танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.
3. Қазақ халқының төрт түлік малмен тығыз байланыста екенін жеткізу және адамға деген пайдасын, қызметін көрсете отырып, малды бағалай білуге тәрбиелеу.

Оқушылар үшін оқыту нәтижелері: Төрт түлік мал туралы мағлұмат алады. Өз ойларын ортаға салады. Топта жеткізе алады.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

Сабақ беру тәсілдері: Әңгімелеу, диалогты оқыту әдістерін қолдану, топпен жұмыс, салыстыру, әңгімелеу.

Сабақ бойынша мұғалім жазбалары:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сабаққа психологиялық тренинг

Біз білімді баламыз

Күнде бестік аламыз

Жалқаулықты тастаймыз

Жаңа сабақты бастаймыз

Біз 16 баламыз

Бүгін неше аламыз?

Бір керегі жоқ

Екі керегі жоқ

Үш керегі жоқ

Төрт орташа


Бес тамаша!

Тіл дамыту сұрақтары (үш тілде)

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Бүгін нешесі?
3. Бүгін қай күн?
4. Бүгін ауа райы қандай?
5. Қазір қандай сабақ?

«Қызығушылықты ояту»

Сөзжұмбақ шешу (слайдтар шығып отырады)



1. Лошадь
2. Свинья
3. Жеребенок
4. Теленок
5. Ягненок
6. Корова
7. Козленок
8. Верблюжонок
9. Поросенок

Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Жануарлар»

Сыныпты 4 топқа бөлемін, әр топтан спикер тағайындалады. (әр түрлі түстер бойынша) сол түстерге жануарлардың аттарын жазып, тақтаға іледі.

II. Сабақтың ережелерін еске салу

- 1 – ереже: Сабақта бір-бірімізді тыңдаймыз!
- 2 – ереже: Біреудің айтқанын қайталамаймыз!
- 3 – ереже: Сабақта тақырып бойынша сөйлесеміз!
- 4 – ереже: Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!
- 5 – ереже: Ойымызды толық айтамыз!

3. Ой қозғау

Венн диаграммасын толтыру.



4. Үй жануарларының пайдасы мен қызметі. (Слайд көрсету)

Сұрақ-жауап.

5.Топпен жұмыс

I топқа – жылқы туралы

II топқа – сиыр туралы

III топқа – түйе туралы

IV топқа – қой туралы

Бұл жерде «Аялдама» ойыны ұйымдастырылады. Топтық жұмыстарын қорғайды.

Ақпарат көздері, құралдар мен жабдықтар:

Үй жануарларының суреттері, сөзжұмбақ, «Үй жануарларының пайдасы мен қызметі» туралы слайд

Үй тапсырмасы

- Жануарлар мәтінінің мазмұнын айту.

Сабақты талдау

ББҮ кестесін толтыру:

Білемін	Не білгім келеді?	Үйрендім

Практикал Оқушылардың жауабын әр топта тағайындалған спикерлер бағалайды.
ықсабақты

бағалау:

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	Жеке жұмыс	Топпен жұмыс	Жалпы баға

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2004ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық., Үшінші (негізгі) деңгей